Тыныс алу жаттығулары	Тыныс алу жаттығулары: - жапыракты үрлеу.				
Негізгі кезең	Логопедпен әңгімелесу: Бүтін ауа-райы қандай? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыста неше ай бар? Олар қандай айлар?		Балаларға көңілді атмосфера орнату үшін ойын: Ойын: «Құс болып ұшамыз» • Логопед: «Кәне, бәріміз құстардай қанат қағып ұшамыз!» (Балалар қолдарын қанат сияқты қағады). Сурақтар:		

-Ия, кар жауды, адамдар жылы киінді, күн сұыпты. Адамдар, андар, құстар барлығы да қысқа дайындалады.
Кейбір құстар жылы жақта ұшып кетті, ал кейбіреулері қысталап қалады.

Ғажайып сәт: Есік қағылып Дымбілмес келеді.

Дымбілмес: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерге қызық көрсете! деп келдім. (Қолтығынан торғай алып шығады) Міне – торғай, жаңа ғана ұстап алдым.

Ой, балалар сендерге қызық емес пе не?

Логопед: Дымбілмес, сен біздін балаларға ренжіме. Сен құстарды ұстауга болмайтынын білмейсін бе? Қысталайтын құстарға тиіспей, оларға камкор болу керек. Сенің қысталайтын құстар туралы білгін келе ме? Онда балалармен бірге отырып тында.

Суретпен жұмыс



Қарға, Сауысқан, Торғай, Үкі, Бұркіт

Бұркіт орманда, тауда өмір сүреді. Адамдар бұркітті қолға да ұстайды. Аң аулауға баптайды. Ондай адамды құсбеті деп атайды. Бұркіт - касқыр, тұлқі, қоян аулайды. Сауысқан, қарға, торғайды күнде көздестіреміз.

Құстардың ортақ касиеті: қанаты бар, ұшады, тұмсығы бар, шоқиды.

Құстардың айырмашылығы: әртүрлі дауыстайды.

Құстардың пайдасы: олар ағаштарды зиянды жәндіктерден тазалайды.

Синоним сөздердің ажырату және мағынасын түсіну, белсенді сөздік қорына енгізу

1. “Сөзді тап” ойыны

Мақсаты: Балалар синоним сөздерді ажыратып үйренеді.

- Балалар, құстар не істейді?
- Құстар қыста қайда кетеді?

2.1 Өнгімелу

- Балаларға қысталайтын құстар туралы қысқаша айтып беру:
- «Құстардың кейбіреуі жылы жақта ұшып кетеді, ал кейбір құстар қысталап қалады. Қысталайтын құстардың ішінде торғай, қарға, көгершін, тоқылдақ сияқты құстар бар. Қыста тамақ табу киын болғандықтан, оларға адамдар көмектеседі. Біз оларға жемсауыт жасап, тамақ берсек, құстар аман-есен қыстан шығады».

2.2 Құстармен таныстыру

- Суреттерді немесе ойыншықтарды көрсетеу:
Торғай, Қарға, Тоқылдақ, Көгершін.
- Эр құстың ерекшелігін айтып беру:
- Торғай – кішкентай, пысық құс.
- Қарға – ірі, кара құс.
- Тоқылдақ – ағашты тоқылдатып, жәндіктерді іздейді.
- Көгершін – қалада жиі ұшырайды, ұясы бікте болады.

2.3 Дидактикалық ойын: «Бұл кандай құс?»

- Логопед сипаттама береді, балалар құстың атын атайды.

Мысалы:

- (Тоқылдақ). «Бұл құс ағашты тоқылдатып, жәндіктерді іздейді»
- (Торғай). «Бұл кішкентай құс, ол адамдар берген дәнді жейді»

Синонимдердің жүптастыру дағдысын дамыту.

Қалай ойнаймыз:

- Тактаға немесе қағазға екі баған жазыңыз. Бір бағанда сөздер (мысалы, “жылдам”, “күтті”), ал екіншісінде синонимдері (мысалы, “тез”, “айқай”).

- Балаларға сәйкес жүптарды сыйықпен косуын сұраныңыз.

“Жұмбақ шеш”

Мақсаты: Синонимдерді ойлау кабілетін дамыту.

Қалай ойнаймыз:

	<p>Қалай ойнаймыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бір сөзді айтыңыз, мысалы, “ұлken”. • Балалардан осы сөздін мағынасын түсіндіріп беретін басқа сөз ойлап табуын сұраныз (мысалы, “зор”, “ірі”). • Егер балалар киналса, суреттер немесе ойыншыктар арқылы көмек көрсетініз. <p>2. “Сурет тандау”</p> <p>Максаты: Сөздер мен олардың мағынасын байланыстыруды үйрену.</p> <p>Қалай ойнаймыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Алдын ала суреттер дайындаңыз (мысалы, ұлken аю мен кішкентай қоян). • Сөздерді айтыңыз: “ұлken” және “кіші”. Балалар сәйкес суретті көрсетуі керек. • Кейін басқа синонимдер қосыңыз: “биік” – “ұзын”, “жұмсак” – “майысқақ”. <p>Құстар немен қоректенеді</p> 	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмбақ құрастырыңыз: “Бұл – аспан түсі. Ол көк, кейде мөл-мөлдір”. • Балалардан “көк” сөзінің синонимдерін табуын сұраныз. (мысалы, “мөл-мөлдір”, “ашық”). <p>“Кім жылдам?”</p> <p>Максаты: Синонимдерді есте сактау мен жылдамдықты дамыту.</p> <p>Қалай ойнаймыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бір сөзді айтыңыз: “акылды”. • Балалар кезекпен синонимдерін атайды (“зерек”, “парасатты”). • Кім көп синоним айтса, сол жеңеді. <p>Кімділдік ойын: «Құстар ұшады»</p> <ul style="list-style-type: none"> • Егер тәрбиеші «Құстар ұшады» десе, балалар құстардай қанат қағады. • Егер «Құстар демалады» десе, балалар қозғалмай отырады. <p>Шығармашылық жұмыс: «Жемсауыт жасайык»</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балаларға дайын үлгілер немесе материалдар тарату (қағаз, пластик бөтөлке, фломастерлер). • Жемсауыттың суретін бояу немесе карапайым үлгі жасау. <p>“Екі баған” ойыны</p> <p>Боя.</p> 
Сабактың соны	<p>Балалардан сабакта не үйренгенін сұрай:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қыста кандай ойын ойнайсындар? 	<p>Балалардан сабакта не үйренгенін сұрай:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қыс айларын атандар?

Тәрбиелу - білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан 2024 жыл 4 апта

Сабактың мақсаты:

- «Қыстық мерекелер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Антоним сөздердің мағынасын түсіну, белсенді сөздік қорына енгізу

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау					
Ата-ана мен тәрбиешімен әнгімелесу, кенес беру					
Қызығушылығын ояту	<p>Сәйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.</p> <p>Ата-ана мен тәрбиешіге кенес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.</p> <p>Сәлемдесу: Шенберге тұрып, амандасады.</p> <p>Фажайып сәт.</p> <p>-Балалар менің қолымдағы қорапта не бар екенін білесіндер ме?</p> <p>-Бірге тамашалайық.</p> <p>Кел балалар күлейік, Күлкіменен тілейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік. -Жарайды, бірге тамашалайық. -Балалар біз денеміздегі мүшелердің аттарын білеміз бе? Қорапта адамның дене мүшелері бар екен. Құрастырайық.</p>				
Артикуляциялық жаттығулар	<p>Артикуляциялық жаттығулар орындау</p> <p>«Сылақшы» жаттығуы</p> <p>Ауыз сәл ашық, тілдің ұшымен тандайды жалау. 10 - 15 рет қайталау.</p>  <p>Сылақшы ашарын Қабырғаны сұтайын, Олемі бомы кен үйді, Қуанышты сыйлайы!</p> <p>«Сағат» жаттығуы</p> <p>«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.</p>				



Самат саят сатын алды
Саят Саматқа үлпін алды
Анасына, мәсіне көрсетін
Коршаудың калтысына мол
салын.

Тыныс алу жаттығуларын орындау «Сұңгіштер жаттығуы»

Балалар қолдарын 2 жаққа ұстап, ауызben дем алып, қолдарымен өздерін құшақтап, отырып мұрынмен дем шығарады.(судың астына түскенде көрсетеді)

«Кім жылдам» жаттығуы

Балалар мұрынмен тыныс алып шарларды ауызben үрлейді. Ережеге сай демалып, шарды ең үлкен үрлеген бала жеңіске жетеді.

«Жел гүлейді» жаттығуы

Ауызды азырақ ашып, у дыбысын бірқалыпты ұзак айту (ууууууу)

Негізгі кезең

Бүгін біз қысқы мерекелер туралы сөйлесеміз. Қане, барлығымыз көнілді шенберге тұрып, қысқы ән айтайық!»

- Қысқы өлең:

«Ақ қар жауады,
Шырша құлпырған.
Мереке келді,
Куантты барша адам!»

Кімділды ойын

Мақсаты: Қимыл белсенділігін арттыру, ойын арқылы мерекелік атмосфера қалыптастыру.

- Ойын: «Қар лақтырайық!»
- Балаларға мақта немесе ақ доп беріледі. Олар «қарды» бір-біріне лақтырып, ойнайды.
- Ойын: «Кім тез безендіреді?»
- Балалар шыршаны ойыншықтармен (қағаздан жасалған немесе дайын) жылдам безендірулері керек.

Шығармашылық жұмыс

Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын және

Әңгімелесу және таныстыру

Мақсаты: Қысқы мерекелер туралы білім беру.

- Қыс мезгілін сипаттау:
- Қыста не болады? (Қар жауады, күн сүйтады).
- Қандай мерекелерді білеміз? (Жаңа жыл, Рождество).
- Суретпен жұмыс:
- Балаларға қысқы мерекелер бейнеленген суреттерді көрсету (шырша, сыйлықтар, қар ұлпалары).
- Сұрактар қою:
- Шыршаны кім безендіреді?
- Сыйлықтарды кім әкеледі?


Әңгімелесу және таныстыру

Шығармашылық жұмыс

Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- Қар ұлпасын жасау:
- Балалар қағазды қайшымен қып, қар ұлпасын жасайды.
- Шыршаны бояу:
- Балаларға шыршаның суретін беріп, оны бояуга ұсынады.
- Қосымша: шыршаның үстіне жұлдыздар мен ойыншықтар жапсыру.



Тыныс алу жаттығуларын орындау

«Қолды үрлеп ысқылау арқылы жылтыту»

Шарты: аязға тоған қолдарымызды үрлеп, ысқылаپ кыздырамыз, жылтыамыз. Жылдам-жылдам ысқылаймыз.

Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру

1-тапсырма

Дауысты дыбыстар әнін орындаңдар

A - A - A - A - A

O - O - O - O - O


I - I - I - I - I

Ы - Ы - Ы - Ы - Ы

2-тапсырма

Әнде кездескен дауысты дыбыстарды тауып бояңдар,

- Қар ұлпасын жасау:
- Балалар қағазды қайшымен қып, қар ұлпасын жасайды.
- Шыршаны бояу:
- Балаларға шыршаның суретін беріп, оны бояуга ұсынады.
- Қосымша: шыршаның үстіне жұлдыздар мен ойыншықтар жапсыру.



I. Ерте онтогенез дыбыстарын және дауысты дыбыстарды айту дағдыларын қалыптастыру
1-тапсырма

Мен көрсеткен әріптерді менімен бірге, содан соң менен кейін айтыңдар

A, O , U , I , Ы , B , M , P , T' , H' , D' , C' , X

2-тапсырма


«Жаңғырық» ойыны

Мен сөздерді айтамын, сендер сол сөздерді жаңғырық секілді қайталайсыңдар

Берілген сөздер: ағаш, аю, орман, орак, уық, уылдырық, ирек, инелік, ырыс, Ыдырыс, бала, бақша, мата, макта, парта, піл, тікен, тиін, дәріхана, дүкен, сүйек, сұзбе, хат, ханзада

II. Етістіктің шактарын (осы шак, келер шак, өткен шак) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру

дауыссыз дыбыстарды қосу арқылы бұындарды
кайталаңдар




**БА, БО, БИ, БЫ
МА, МО, МИ, МЫ
ПА, ПО, ПИ, ПЫ
ТА, ТО, ТИ, ТЫ
НА, НО, НИ, НЫ
ДА, ДО, ДИ, ДЫ
СА, СО, СИ, СЫ
ХА, ХО, ХИ, ХЫ**

3-тапсырма

Атына сай заттарды тауып көрсөтіңдер, аттарын
кайталаң айтыңдар

Логопед алдымен заттың атын атайды, бала тауып
көрсөтіп, кайталаң айтады.



3-тапсырма

Балалар қазір мен сендерге етістіктер айтамын,
сендер онын қашан болғанын табуларың қажет

Сөздер	Қазір болып жатқан әрекет	Кеше болған әрекет	Енді болатын әрекет
Жазып отыр	+		
Барап			+
Келмекші			+
Айтыппын		+	
Оқыған едік		+	
Келесіндер			+
барғанмын		+	
Келіп отыр	+		
Келіп кетпек			+

4-тапсырма

Балалар мен қазір сендерге сөйлемдер айтамын,
сендер оны кеше болып кеткен іс-әрекетке
айналдырып айтасыңдар.

Жандос футбол ойнап жүр.
Айжан гүл ге су құйып жүр.
Алихан сабақ оқып отыр.
Мен дүкенге келдім.
Атам ағаш отыргызып жүр.

III. Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту

5-тапсырма

Суретте әңгімелे



**II. Етістіктің шактарын (осы шак, келер шак, өткен шак) ажырату және қолдану дағдыларын қалыптастыру
4-тапсырма**

«Кеше, бүгін, ертең» ойынын ойнату.

Балалар мен сендерге қазір етістіктер айтамын, сендер сол етістіктерді пайдаланып кеше, бүгін ертең сөздерімен тіркестіресіңдер

Керекті етістіктер: ойнау, бару, келу, апару, жүгіру, кетеру, жабу, отыру,

5-тапсырма

«Кеше» сөзін пайдаланып, кешегі күн тәртібін жайлы айтып беріңдер



Сабактың соны

-жарайсындар балалар!
- бүгінгі сабак ұнады ма?

жарайсындар балалар!
- бүгінгі сабак ұнады ма?

«Аяла» санаторлық бебекжайы»
КММ-сі директоры

А.О.Өмірзак
«_____» 2025ж

**Жалпы сөйлеу тілі дамымаған III-денгейдегі балалармен жүргізілетін топтық
ұйымдастырылған іс-әрекеттің екінші жартыжылдыққа арналған перспективалық жоспары**

Логопед: Бекжигитова К.

Қантар	1 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Үй құстарын күту, адамға пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру; - Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
2 апта	Сөз түсінігін дамыту Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту		<ul style="list-style-type: none"> - «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Үй жануарларын күту, адамға пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру; - Тәуелдік жалғауларын жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
3 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту		<ul style="list-style-type: none"> - ✓ «Жабайы андар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тәуелдік жалғауларын жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
4 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту		<ul style="list-style-type: none"> - ✓ «Теңіз мекенетушілері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Зат есімдерге жүрнақтарға жалғай отырып сөздерді қолдану дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
Ақпан	1 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - ✓ «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Мамандықтар және олардың құралдары туралы түсініктерін молайту; - Барыс септігінің жалғауларын дұрыс қолдана отырып, сөйлем курау дағдыларын дамыту;

		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
2 апта		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> ✓ «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Табыс септігінің жалғауларын дұрыс қолдана отырып, сөйлем құрау дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
3 апта		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Көлік түрлері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Жатыс септігінің жалғауларын дұрыс қолдана отырып, сөйлем құрау дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
4 апта		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Көліктегі мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Шығыс септігінің жалғауларын дұрыс қолдана отырып, сөйлем құрау дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
Наурыз	1 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Менің көшем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Көмектес септігінің жалғауларын дұрыс қолдана отырып, сөйлем құрау дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
	2 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Көктем» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - «Сөйлем» түсінігін қалыптастыру;


		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
Сәуір	3 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Наурыз мерекесі» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Сөйлем» түсінігін қалыптастыру; - Сөйлемдердегі сөздердің санын, кезектілігін белгілеу дағдыларын қалыптастыру;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
	4 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Ыңдыстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тірек сөздер арқылы сөйлем құрау дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
	1 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Менін үйім» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Зат есімнің кішірейткіш мәнін тудыратын -ша, -ше, -шік жүрнақтары арқылы сөзжасам дағдыларын дамыту (үй - үйшік, жастық – жастықша) дағдыларын бекіту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
	2 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Жиһаздар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - «Астында-үстінде», «алдында-артында-жанында», «алыс-жақын» үстен мәндерін ажырату және қолдану дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
	3 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Гүлдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Сызбаға сәйкес сөйлем құрау дағдыларын дамыту;


		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
4 апта		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Тірек сөздер арқылы сөйлемдерді құра алуға үйрету; - «Мамандықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
Мамыр	1 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Менің Қазақстаным!» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тірек сөздер арқылы 2-3 сөзден тұратын құрастыру дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;
	2 апта	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - «Тұған өлкем»» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - Тірек сөздер арқылы қысқа әңгіме құрастыру дағдыларын дамыту;
		Сөйлеудің вербалды емес негізін қалыптастыру және просодиканы дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеу қызметінің психологиялық негізін дамыту; - Фонематикалық қабылдауы мен фонематикалық түсініктерін дамыту;

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қантар 2025 жыл 1 апта

Сабактың мақсаты:

- «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Үй құстарын күтү, адамға пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Қоңыл-куйін білу, байқау немесе баладан сұрау.			
Ата-ана мен тәрбиешімен әнгімелесу, кенес беру		Ата-ана мен тәрбиешіге кенес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.			
Қызығушылығын ояту		“Құстарды тап” ойыны: Балаларға құстардың дауыстары жазылған аудио қосылады (тауықтың қыт-қыттауы, этештің шақыруы, қаздың қаңқылдауы). Балалар қай құстың даусы екенін табады.			
Артикуляциялық жаттығулар	Артикуляциялық жаттығулар: 	«Қүрекше» - жалпақ тілді ауыз қуысынан шыгарып, төменгі ерінге салып, 10-15 секунд ұстап тұру керек. «Кесе» – ауыз кең ашық, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек. «Тәтті тосап» - жалпақ тілімен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысынына тереңірек кіргізіп ұстай. 10-15 рет қайталау керек. «Сылақшы» - ауыз кең ашық, тілдің ұшымен қатты таңдайды сылау. Бағытын өзгерте отырып, 10-15 рет қайталау			
Тыныс алу жаттығулары	Тыныс алу жаттығулары: - жапыракты үрлеу.				

<p>Негізгі кезең</p>	<p>Үй құстары туралы әнгімелуеу, түсіндіру</p> <ul style="list-style-type: none"> -Балаларға үй құстарының түрлері (тауық, әтеш, үйрек, каз) көрсетіледі. -Әр құстың ерекшелігі мен пайдасы түсіндіріледі (жұмыртқа, ет, мамық). -Үй құстары жабайы құстардан қалай ерекшеленетіні айтылады.  <p>1. “Құстарды ажырат” Мақсаты: Үй және жабайы құстарды ажырату. Құралдар: Құстардың суреттері. Барысы: Логопед әртүрлі құстардың суреттерін көрсетеді. Балалар үй құстарын тауып, аттарын атайды.</p> <p>2. “Құстардың жұмыртқасы” Мақсаты: Санай білу дағдысын дамыту. Құралдар: Себеттер мен жұмыртқалардың суреті. Барысы: Балалар себеттерге жұмыртқаларды салады да, олардың санын атайды.</p> <p>3. “Құстардың қозғалысы” Мақсаты: Балалардың қымылдарын дамыту. Құралдар: Ашық алаң немесе топ бөлмесі. Барысы: Логопед бір құстың атын айтады, балалар</p>	<p>Үй құстары туралы әнгімелуеу, түсіндіру</p> <ul style="list-style-type: none"> -Кұс шаруашылығының пайдасы: Балаларға үй құстарының адамдарға пайдасы түсіндіріледі: -Жұмыртқа береді. -Еті мен мамығы пайдалы. -Ауылда құстар қораны безендіреді. <p>Чем полезна курица?</p>  <p>1. “Ұқсасын тап” Мақсаты: Құстардың сыртқы ерекшеліктерін тану. Құралдар: Құстар мен олардың бөлшектерінің суреттері (тұмсық, қанат, қауырсын). Барысы: логопед тұмсық немесе қанат көрсетеді, ал балалар қай құсқа тиесілі екенін айтады.</p> <p>2. “Жұмыртқаны тап” Мақсаты: Логикалық ойлауды дамыту. Құралдар: Құстар мен ұялардың суреттері. Барысы: Балаларға әр құстың жұмыртқасы қайда екенін табу тапсырмасы беріледі.</p> <p>3. “Құстар қайда тұрады?” Мақсаты: Үй құстарының мекенін ажырату. Құралдар: Ашық алаң немесе топ бөлмесі. Барысы: Мұғалім әр құстың мекенін сипаттайты (қора, су, ұя), ал балалар құстарын атайды.</p> <p>Фонематикалық естіп қабылдауын дамыту</p> <p>1. “Сөздерді бөліп айт” Мақсаты: Буындарды анық айтуга үрету. Барысы: логопед “Үй-рек”, “Та-уық”, “Ә-те-ш” сөздерін</p>
-----------------------------	---	--


<p>оның қозғалысын салады (тауық — қыт-қыттап журу, қаз — қанаттарын қағып, қанқылдау).</p>	<p>буынга бөледі, балалар оны қайталап айтады.</p>
<p>4. Фонематикалық естіп қабылдаудын дамыту</p>	<p>2. “Дыбысты тап”</p>
<p>1. “Сөздің басын тап”</p> <p>Мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырату.</p>	<p>Мақсаты: Сөздердегі берілген дыбыстарды анықтау.</p>
<p>Барысы: Мұғалім “Тауық”, “Үйрек”, “Әтеш” сөздерін буынга бөліп айтады, балалар кай дыбыстан басталатынын атайды.</p>	<p>Барысы: Логопед “Каз”, “Қарға”, “Үйрек” сөздерін айтап, балалардан “K” немесе “Y” дыбыстары кайда түрганын сұрайды (басында, ортасында).</p>
<p>5. Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту</p>	<p>1. “Құстар мен ұялары”</p>
<p>Мақсаты: Сөздерден белгілі дыбысты табу.</p>	<p>Балалар “Тауықтың ұясы”, “Қаздың ұясы” деп толық сөйлем құрайды.</p>
<p>Барысы: Логопед “Каз”, “Қарға”, “Үйрек” сөздерін айтап, балалардан “K” немесе “Y” дыбыстары кайда түрганын сұрайды (басында, ортасында).</p>	<p>“Кімнің қанаты?”</p>
<p>Ілік септігіндегі зат есімдерді құрай алу дағдыларын дамыту</p>	<p>Логопед құстың қанатын көрсетіп, сұрайды: “Бұл кімнің қанаты?” Балалар жауап береді: “Бұл қаздың қанаты”.</p>
<p>1. “Кімнің жұмыртқасы?”</p> <p>Балалар “тауықтың жұмыртқасы”, “Үйректің жұмыртқасы” деп жауап береді.</p>	<p>3. “Кімнің мамығы?”</p> <p>Логопед мамық көрсетіп сұрайды: “Бұл кімнің мамығы?”</p>
<p>2. “Кімнің қауырсыны?”</p> <p>Балалар логопед көрсеткен қауырсынды (қаздың, үйректің) кімге тиесілі екенін айтады.</p>	<p>Балалар толық жауап береді.</p>
<p>3. “Кімнің ұясы?”</p> <p>Балалар әр құстың ұясын тауып, атауын айтады (“Әтештің ұясы жок”, “Тауықтың ұясы бар”).</p>	<p>4. “Кімнің даусы?”</p> <p>Логопед құстың дауысын салған аудио қосады, балалар жауап береді: “Бұл әтештің даусы”.</p>
<p>4. “Кімнің тамағы?”</p> <p>Балалар құстардың тамақтарын атап, толық сөйлем құрайды (“Үйректің жүгерісі”, “Қаздың дәні”).</p>	<p>6. Шығармашылық жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> • “Құстар бейнесін бояу”:
<p>6. Шығармашылық жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> • “Құс бейнесін жасау”: 	<p>Балаларға дайын құстардың контурлары беріледі. Олар түрлі-түсті қарындаштармен бояп, әр құстың түсін ажыратады.</p>
<p>Балалар түрлі-түсті қағаздан тауық, қаз немесе үйрек бейнесін киып, жабыстырады.</p>	<p>7. Үй құстары бойынша сөйлем құрай дағдыларын дамыту</p>
	<p>1. “Кім қайда?”</p> <p>Балалар сөйлем құрайды: “Үйрек суда жүзіп жүр”, “Тауық қорада жүр”.</p>
	<p>2. “Не істеп жатыр?”</p> <ul style="list-style-type: none"> • Логопед құстың әрекетін сипаттайтын (жүру, қыт-қыттау), ал балалар толық сөйлем қурау

	<p>7. Үй құстары бойынша сөйлем құрай дағдыларын дамыту</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. “Кім не істейді?” <ul style="list-style-type: none"> • Балалар суретке қарап сөйлем құрайды: “Әтеш шақырады”, “Тауық жүреді”. 2. “Құстар қайда?” <ul style="list-style-type: none"> • Балалар сөйлем құрайды: “Тауық қорада жүр”, “Үйрек суда жүзеді”. 3. “Кімнің дауысы?” <ul style="list-style-type: none"> • Балалар сөйлем құрайды: “Әтеш қораздайды”, “Қаз қанқылдайды”. 	 
Сабактың соны	<p>Балаларға бүгінгі сабакта үйренген құстардың атауы мен дауыстарын қайталату. “Үй құстары не береді?” сұрағын талқылау.</p>	<p>Балаларға бүгінгі сабакта үйренген құстардың атауы мен дауыстарын қайталату. “Үй құстары не береді?” сұрағын талқылау.</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қантар 2025 жыл 2 апта

Сабактың мақсаты:

- «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік корын молайту;
- Үй жануарларын күту, адамға пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру;
- Тауелдік жалғауларын жекеше және көлше түрде қолдану дағдыларын дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Қоңіл-күйін білу, әйкау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кенес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кенес беру. Балағы езгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	Сәлемдеу « Күлімдө күн, күлімде! Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндегі Бейбіт болсын болашақ!» Осындај жақсы көңіл- күймен сабагымызды бағтастық!				
Артикуляциялық жаттығулар	<p>Артикуляциялық жаттығулар:</p>  <p>«Күрекшे» - жалпақ тілді ауыз күсынын шығарып, төменгі ерінге салып, 10-15 секунд ұстап тұру керек. «Кесе» - ауыз кен ашық, жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек. «Тәтті тосап» - жалпақ тілімен жоғары ерінді жалап, ауыз күсынына теренірек кіргізіп ұстай. 10-15 рет қайталу керек. «Сылақшы» - ауыз кен ашық, тілдің ұшымен қатты таңдайды сылау. Бағытын өзгерте отырып, 10-15 рет қайталу</p>				
Тыныс алу жаттығулары	<p>Тыныс алу жаттығулары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жапырақты үрлеу. 				
Негізгі кезең	Елестетіндер, біз аш марғауды кездестірдік. -Мимиқа арқылы марғаға жанымыз ашығанын көрсетіндер. Бейнелі-пластикалық шығармашылық: <input type="checkbox"/> Бейнелейміз: <input checked="" type="checkbox"/> марғауы жоғалып кеткен қожайынды;		Диалогтық сөйлеуді дамыту (көрнекі материалмен әнгіме). -Неліктен сиырды, жылқыны, донызды, қойды, қоянды үй жануарлары деп атайды? (Бұл жануарлар адамдардың қасында өмір сүреді және үлкен пайда әкеледі). Адамдар оларды бағады, қамқорлық жасайды;		

<ul style="list-style-type: none"> ✓ мейірімді мысықты; ✓ қаһарлы бұканы; ✓ ойнакы құлыншакты. <p>-Үйден қуылған иттің күйін мимика арқылы көрсетініздер.</p> <p>2. Сөздік ойын «Есте сақта және қайтала».</p> <p>Мысық, ит, жылқы, (ешкі). Қай сөз косылды? Жылқы, мысық, доныз (бұка). Қай сөз косылды?</p>	<p>азыктандырады, суарады, арналы тұрғын орындар жасайды – торлар, коралар, қашалар, сиыр қоралар, ат коралар...).</p> <p>- Тағы қандай жануарларды үй жануарлары деп атауга болады? (Түйе, есек, бұғы, мысық, ит).</p> <p>- Адамдар үй жануарларына қалай қамкорлық жасайды? (Адамдар оларға азық дайындауды, жайылымға шығарады, әрдайым су бар болуын қадағалайды, тұрғын орындарын және жануарлардың өзін тазалайды).</p>
<p>3. Тақырыпқа кіріспе.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ешкі, жылқы, итті бір сөзбен қалай атауга болады? (Жануарлар. Қандай?) <p>Мен сіздерге «Сикырлы кино» көруді ұсынамын. Қалай караисыздар? Онда билеттерді алыныздар (геометриялық фигураалар) және кинотеатрга барамыз.</p> <p>Біз жүреміз, біз жүреміз (орында жүру).</p> <p>Алға бір қадам, артқа бір қадам.</p> <p>Алға үш қадам, онға бұрылу.</p> <p>Міне, келді!</p> <p>(Балалар орындықтарға отырады).</p>	<p>- Үй жануарлары адамның көмегінсіз өмір сүре ала ма?</p> <p>- Оларға не болуы мүмкін?</p> <p>- Үй жануарлары ауыра ма?</p> <p>- Ауырған үй жануарларын кім емдейді? (Мал дәрігері).</p> <p>- Адамдар иттерді не үшін ұстайды? (Иттер шекарада қызмет атқарады, қылмыскерлерді іздейді, ғимараттарды құзетеді, үй жануарларын бағады, Солтүстікте оларды шанаға жегіп, көлік ретінде пайдаланады).</p>
<p>4. «Үй жануарлары және олардың тәлі» фильмін көрү.</p>	<p>- Қандай үй жануарлары сүт береді? (Сиыр, ешкі, түйе, биелер).</p>
<p>5. Жарнама үзілісі.</p> <p>Жарнама үзілісі кезінде сабағымызды жалғастырамыз. (Балалар оқу аймағына барып, орындықтарға отырады.)</p>	<p>- Қандай үй жануарларына мінуге болады? (Жылқы, түйе, бұғы, ит).</p>
<p>5.1. Көзге арналған жаттыгу. «Сұр мысық».</p>	<p>- Жануарлардың денесінде не бар екенин ата. (Дене, бас, мойын, құйрық, кеуде, аяқтар).</p>
<p>Сұр мысық (Балалар тұра қарайды).</p> <p>Терезеге отырды, (Балалар оң жаққа қарайды).</p> <p>Құйрығымен бұлғады, (Балалар сол жаққа қарайды).</p> <p>Балаларын күтті. (Балалар төмен қарайды).</p> <p>Қайда менің балаларым? (Балалар диагональ бойынша қарайды).</p> <p>Сұр мысықтарым? (Балалар диагональ бойынша қарайды).</p> <p>Балалар ұйықтайды, (Балалар көздерін жабады).</p> <p>Сұр мысықтар да.</p>	<p>- Жануарларын бағатын адамдардын мамандықтары қалай аталады? (Малды бағатын адам – қойшы; сиырды саудады – сауыншы; шошқаларға қарайды – шошқашы; бұғыларды өсіреді – бұғы бағушы).</p> <p>- Неліктен: «Сиыр – асыраушы», «Мысық – аңшы», «Ит – адамның досы» дейді?</p> <p>Тәуелдік жалғауларын жекеше және көпше турде колдану дағдыларын дамыту</p>
<p>Тәуелдік жалғауларын жекеше және көпше турде колдану дағдыларын дамыту</p>	<p>«Үй жануарларының тамақтануы»</p>
<p>1. «Үй жануарларының отбасы»</p>	<p>Бұл ойын балаларға көпше турде тәуелдік жалғауларын колдануды</p>

	<p>Бұл ойын балаларға тәуелдік жалғауларын қолдануды үйретуге арналған. Балалар үй жануарларының отбасылары туралы айтқанда, көпші түрдегі тәуелдік жалғауларын қолданады.</p> <p>Қалай ойнауга болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаларға түрлі үй жануарларының суреттері немесе ойыншықтары беріледі (мысалы, мысықтар, иттер, койлар, жылқылар және т.б.). - логопед балалардан сұрақтар кояды: <ul style="list-style-type: none"> - «Бұл — мысық. Бұл мысықтың мырғауы қалай аталады?» (Балалар: «Бұл — мысықтардың мырғауы.») - «Бұл — ит. Бұл иттердің үйі кайда?» (Балалар: «Бұл — иттердің үйі..») - «Бұл — жылқы. Жылқылардың жемі қандай?» (Балалар: «Бұл — жылқылардың жемі.») - Балалар сұрақтарға жауап бергенде, көпші түрде тәуелдік жалғауларын қолданады. <p>«Үй жануарларының ойыншықтары»</p> <p>Бұл ойын балаларға көпші түрде тәуелдік жалғауларын қолдануды ойын арқылы үйретуге бағытталған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаларға бірнеше үй жануарларының ойыншықтары беріледі (мысалы, бірнеше мысық, бірнеше ит, бірнеше тауық). - Логопед әр жануарды атайды, ал балалар сол жануарларға қатысты көпші түрде тәуелдік жалғауларын қолданады. <ul style="list-style-type: none"> - «Бұл — ит. Иттердің қорасы кайда?» - «Бұл — мысық. Мысықтардың тамағы қандай?» - «Бұл — жылқы. Жылқылардың жүгіруі қандай?» - Балалар жануарлар мен олардың заттарын немесе әрекеттерін сипаттағанда, көпші түрде тәуелдік жалғауларын қолданады. 	<p>қызықты түрде үйретуге бағытталған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаларға әртүрлі үй жануарларының суреттері немесе ойыншықтары беріледі. - логопед балалардан үй жануарларына қатысты сұрақтар кояды: <ul style="list-style-type: none"> - «Бұл — кой. Қойлардың неше төлі бар?» - «Бұл — түье. Түйелердің тамағы қандай?» - «Бұл — ит. Иттердің сүйектері қайда?» - Балалар көпші түрде жауап береді: <ul style="list-style-type: none"> - «Қойлардың балалары көп.» - «Түйелердің тамағы — шөп.» <p>«Үй жануарларының жүруі»</p> <p>Бұл ойын балаларға көпші түрде тәуелдік жалғауларын қолдануды ойын арқылы үйретуге көмектеседі.</p> <p>Қалай ойнауга болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балаларға бірнеше үй жануарларының суреттері немесе ойыншықтары беріледі. - Логопед әрбір үй жануарының козғалысын сипаттайтын, балалар осы жануарлардың көпші түрдегі тәуелдік жалғауларын қолдана отырып жауап береді. <ul style="list-style-type: none"> - «Бұл — жылқы. Жылқылар неше жолмен жүреді?» (Балалар: «Жылқылар көп жолмен жүреді..») - «Бұл — мысық. Мысықтардың жүріс-тұрысы қандай?» (Балалар: «Мысықтардың жүріс-тұрысы ете женил.») - «Бұл — ит. Иттердің жүгірісі қандай?» (Балалар: «Иттердің жүгірісі ете жылдам.»)
Сабактың соны	<p>Балалардан сабакта не үйренгенін сұрай:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үй дануарларын ата. 	<p>Балалардан сабакта не үйренгенін сұрай:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үй жануарларының пайдасын атандар?

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қантар 2025 жыл 3 апта

Сабактың мақсаты:

- «Жабайы андар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік корын молайту;
- Тәуелдік жалғауларын жекеше және көлше түрде қолдану дағдыларын дамыту;
- Сөйлеу қызметтің психологиялық негізін дамыту;
- Фонематикалық қабылдауды мен фонематикалық түсініктерін дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Қоңыл-күйін білу, әйқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кенес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кенес беру. Балаңдың езгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызыгуышылығын ояту	Балалардың назарын сабакқа аудару. Әдісі: Жұмбак шешу. Жұмбак: Орманда тұрады, Жауынан қашады, Күйрығы ұзын, Өзі кү. (Тұлқи)				
Артикуляциялық жаттығулар	<p>Артикуляциялық жаттығулар:</p>  <p>«Күрекшे» - жалпақ тілді ауыз куысынан шығарып, тәменгі ерінге салып, 10-15 секунд ұстап тұру керек. «Кесе» - ауыз кен ашық, жалпақ тілді жоғары тіске карай кетеріп, 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек. «Тәтті тосап» - жалпақ тілімен жоғары ерінді жалап, ауыз куысынына теренірек кіргізіп ұстай. 10-15 рет қайталу керек. «Сылақшы» - ауыз кен ашық, тілдің ұшымен қатты тандайды сылау. Бағытын езгерте отырып, 10-15 рет қайталу</p>				
Тыныс алу жаттығулары	Тыныс алу жаттығулары: - жапырақты үрлеу.				
Негізгі кезең	<p>Ұйымдастыру кезеңі Бұгін біз қызықты орманға саяхатқа барамыз. Орманда бізді жабайы андар күтіп тұр. Балалардың сабакқа дайындықтарын тексеру, жылы шенбер күрып, бір-біріне тілек айтуды.</p>		<p>Ұйымдастыру кезеңі Бұгін біз тағы да жабайы андармен танысамыз және қызықты тапсырмалар орындаімyz. Шенберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздер айтуды.</p> <p>Жабайы андар туралы әңгімеледі, түсіндіруді</p>		

Жабайы андар туралы әңгімелуе, түсіндіру

Мақсаты: Жабайы андар туралы түсінік беру.

Логопед суреттер немесе ойыншықтар арқылы жабайы андарды таныстырайды:

Аю: Орманда тұрады, бал жейді.

Қасқыр: Етпен коректенеді, үй жануарларына шабуыл жасайды.

Тұлқі: Қу, әдемі ан.

Қоян: Сәбізді жақсы көреді, қыста ак түсті болады.



1. “Сипатта, тап” ойыны:

Логопед анды сипаттайды, балалар атын атайды.

2. “Кім қайда тұрады?”

Балаларға жабайы андардың мекенін анықтау ұсынылады (орман, дала).

3. “Жануардың дауысы”

Логопед жануардың дауысын салып, балалар кай ан екенін айтады.

4. “Андарды сәйкестендір”

Суреттерді атаяу және жануарды мекенімден жүптау.

Тәуелдік жалғауларын жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту

1. “Бұл кімнің терісі?”

Сурет арқылы аның терісін көрсету, “Бұл аюдың терісі” сиякты сәйлемдер күру.



2. “Менің түлкім, сенің түлкің”

Балалар өзара тәуелдік жалғауларымен сәйлемдер құрайды.

3. “Андар тобы”

Логопед “Аюлар тобы” деп айтады, балалар көпше түрін

Мақсаты: Жабайы андардың ерекшеліктерін талқылау.

Логопед әр ан туралы ақпарат береді және сұрақтар қояды:

Аю қандай ан? Ол немен коректенеді?

Қасқыр үй жануарларына қандай қауіп тәндіреді?

Тұлқі қандай аң деп ойлайсындар? Неліктен тұлқіні “ку” деп атайды?



1. “Не жейді?”

Әр аңның тағамын дұрыс тандау (аю – бал, қоян – сәбіз).



2. “Жануарды тап”

Суреттегі сипаттама арқылы жасырылған анды табу.

3. “Жануардың ізі”

Логопед жануардың ізі бейнеленген суреттер көрсетеді, балалар қай ан екенін айтады.

4. “Топтастыр”

Балаларға суреттер беріледі, олар жабайы андарды бөлек топқа жинайды.

Тәуелдік жалғауларын жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту

1. “Менің түлкім, сенің түлкің”

Балалар өзара “Менің түлкім бар”, “Сенің қояның бар” деп сәйлемдер құрастырады.

2. “Бұл кімнің баласы?”

Жануарлар мен олардың балаларының байланысын табу (қасқыр – бөлтірік).

